

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» тақырыбындағы Абдрахманова Зинат Батырхановнаның докторлық диссертация жұмысына ғылыми кеңесші, м.ғ.д. профессор Молдалиев Икилас Сүйндіковичтің

ШҚІРІ

З.Б.Абдрахманованың ғылыми диссертациялық жұмысы Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысындағы еңбекке жарамды жастағы тұрғындар арасында өндірістен тыс жарақаттанудың таралу заңдылықтарына арналған.

Тұрмыстық жарақаттар мен олардың асқынуынан туындайтын мүгедектік пен өлім оқиғаларының профилактикасы мен бейінді медициналық травматологиялық- ортопедиялық көмектің сапасы мен қол жетімділігін арттыру өзекті медициналық-әлеуметтік мәселелердің бірі болып есептеледі.

Жарақаттанудан туындайтын асқынулар Республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды сипаттайтын көрсеткіш деп есептеуге болады. Тұрмыстық жарақаттардан туындайтын аурушаңдық, мүгедектік және өлім көрсеткіштерінің деңгейі динамикалық тұрғыда жоғары деңгейде қалып отыр.

Оңтүстік Қазақстан облысында еңбекке жарамды жастағы тұрғындар арасындағы жағдайы барлық елдегідей күрделі мәселе болып қалыптасуда. Жоғарыда көрсетілген мәселелер тақырыптың өзектілігін дәлелдеп отыр. Диссертациялық жұмыс барысында негізделген ғылыми жаңалықтың әрбір ғылыми нәтижесі жоғары деңгейлі ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді.

Алғаш рет өндірістік емес жарақаттарға медициналық – әлеуметтік тұрғыда кешенді сараптама жүргізілген. Өндірістік емес жарақаттылық себептерінің ересек еңбек ету жасындағы тұрғындардың уақытша еңбекке жарамсыздық көрсеткіштерінің қалыптасуына тигізетін әсері зерттеліп; жыныс, жас мөлшері, білімділік деңгейі мен әлеуметтік жағдайы әртүрлі тұрғындардың тірек-қозғалыс жүйесі жарақаттану ерекшеліктері анықталған.

Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл тұрғындарының арасындағы өндірістік емес жарақаттардың қалыптасу ерекшеліктері мен таралуы анықталды және жарақат салдарынан зардап шеккен тұрғындарға салыстырмалы сипаттама берілді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда мақалалары жарияланған, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда мақалалары талапқа сай жарияланған. Ғылыми жұмыстың нәтижесі бойынша оқу құралы әзірленіп, қазақ тілінде жарық көрді.

З.Б.Абдрахманованың ғылыми диссертациялық жұмысы жоғары тәжірибелік маңыздылыққа ие, заманауи медицинада еңбек жарамды жастағы тұрғындар арасындағы медициналық травматологиялық- ортопедиялық көмекті ұйымдастыру, тұрғындар арасында өндірістік емес жарақаттанудан туындайтын аурушаңдықты, өлім-жітімді төмендетуге, мүгедектік тобына шығуын азайтуға жол ашады.

Абдрахманова Зинат Батырхановнаның «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы алға қойған мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, көлемі бойынша білікті, толық аяқталған ғылыми еңбек болып саналады және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ
Медицина факультетінің деканы,
м.ғ.д., профессор

Молдалиев И.С.

